

документов, и, этот информационный материал обновляется ежедневно [6]. Изучение данного массива правовых документов должно осуществляться системно, с использованием современных методов исследования правовой информации.

Роль и значение правового сознания возрастают с увеличением количества правовых актов, повышением интереса к правовым аспектам поведения личности в обществе и уточнением правовых обязанностей всех граждан, включая обучающихся и преподавателей. Эти объективные факторы должны быть учтены в процессе разработки новых национальных стандартов и правовых дисциплин, как в школах, так и в вузах. На наш взгляд, необходимо увеличить количество часов на изучение права в начальной, средней и высшей школе, а также уделить внимание преподаванию права в учебных заведениях специально подготовленными специалистами. Все эти меры будут способствовать формированию у граждан понимания того, что правовое государство и правовая система необходимы в качестве инструментов реализации и защиты их прав и законных интересов каждого.

#### Список литературы:

1. Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674#z344>
2. Разумовский С.Л. Формирование правовой культуры в процессе подготовки специалиста образовательного сервиса в вузе. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – М., 2010.
3. Хасия Т.В. Правовая компетентность в профессиональной деятельности преподавателя высшей школы // Педагогика: традиции и инновации: материалы межд. научн. конф. - Челябинск, 2011.
4. Болонина С.В. Научно-методические основы преподавания правовых дисциплин в неюридических вузах. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – М., 2003.
5. Кропанева Е.М. Теория и методика обучения праву: Учеб. Пособие. – Екатеринбург: Изд-во Рос.гос. проф. Пед. Ун-та, 2010. – 166 с.
6. База данных «Закон». Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Министерство юстиции Республики Казахстан // <https://www.zqai.kz/ru/node/530>

#### МЕМЛЕКЕТ ТИПОЛОГИЯСЫНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ

*Төлепберген А.Б., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультеті І курс магистранты*

*Байжанова К.Т., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті*

Заманауи қазақстандық қоғамда өзгерген әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, рухани-мәдени және өзге қатынастардың сипаты мемлекет типін көп факторлы көзқарас тұрғысынан, әртүрлі концепцияларды қолдана отырып анықтау қажеттілігін алға тартады. Мемлекет типологиясы және оларды анықтау негіздері мәселесіне қазақстандық заң әдебиетінде теориялық-әдістемелік құрылым қоғамдық-экономикалық формация теориясы негізінде қарастырылған еңбектер арналған [1,26].

Мемлекет типологиясы – сан алуан мемлекеттердің өздеріне тиісті тұтастай алынған маңызды қасиеттері мен жақтарының жиынтығы және жалпылама ерекшеліктерінің жүйесі. Мемлекет типологиясының формациялық концепциясы негізінде қоғамдық-экономикалық формация тұрады, ол өз алдына өндірістің белгілі бір тәсіліне негізделген қоғамның тарихи типтерін көрсетеді. Қоғамдық-экономикалық формациялар тарихи процесс ретінде адамзаттың жалпы эволюциялық сатыларын көрсетсе, тарихта қанша қоғамдық-экономикалық формациялар болған және олар қандай деген сұрақ бүгінгі күні де маңызды.

Негізінен К.Маркс пен Ф.Энгельстің «Неміс идеологиясы» атты шығармасында меншіктің әр алуан нысандарына негізделген қоғамдық-экономикалық формациялардың кесте бойынша бес түрін көрсеткен: алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, коммунистік [2,168]. Кейіннен К.Маркс бірінші рет көрсетілген тарих кезеңдерін түсіндіріп нақтылады, бірақ ешқашан бес формациялық сатыларды белгілеуден бас тартқан жоқ. Өндірістік қатынастардың белгілі типіне мемлекеттің нақты типі сәйкес келеді. Осыған сай жеке меншікке және таптық жіктелуге негізделген үш таптық-антагонистік формацияға (құл иеленуші, феодалдық және буржуазиялық) мемлекеттің үш типі сәйкес келеді: құл иеленуші мемлекет, феодалдық мемлекет және буржуазиялық мемлекет. Қалған екі формацияның біріншісі – алғашқы қауымдық қоғамда мемлекет болмайды, екіншісі – коммунизмде мемлекет таптық құбылыс ретінде жойылады деген көзқарас орын алған. Марксизм-ленинизм ілімінің авторлары буржуазиялық мемлекет төңкеріліс жолымен құлатылып орнына социалистік мемлекет құрылуға тиісті деп санаған, ал мемлекеттің соңғы тарихи типі – социалистік мемлекет бірте-бірте қоғамдық қатынастарды реттеу қажеттілігінен айырылып, тарихи аренадан өз бетімен кетеді деп тұжырымдаған.

Олардың көзқарастары бойынша, құл иеленуші мемлекет тарихи тұңғыш мемлекеттік ұйым типі болып табылады, ол алғашқы қауымдық құрылыстың қойнауында пайда болып, қоғамның бірінші өзара қарсы тұрушы құл иеленушілер және құлдар секілді әлеуметтік таптарға бөлінуін негіздеді. Ең ежелгі құл иеленуші мемлекеттер б.з.д. төртінші мыңжылдықтың аяғында – үшінші мыңжылдықтың басында сулы өзендер алқаптарында Мысыр, Үнді және Қытай жерлерінде қалыптасты. Кейінірек Жерорта теңізінің алқаптарында пайда болған құл иеленушілік мемлекеттер – Ежелгі Греция және Ежелгі Рим мемлекеттері өмірге келді.

Өзінің дамуында құл иеленушілік құрылыс, сонымен қатар мемлекет екі негізгі сатыдан өтеді. Бірінші саты – Ежелгі Шығыс құл иеленушілік мемлекеттерімен айқындалады. Онда алғашқы қауымдық құрылыстың қалдықтары сақталып қалды. Шаруашылық жүргізуде патриархалды құлдың жабайы түрлері сақталып, құлдардың өз мүлкі мен жанұясы болатын. Көптеген уақыт бойы құлдарға жеке меншікпен қатар, ұжымдық құл иелену орын алды. Ауыл қауымы жер учаскелерін сатып алу – сатуды жүзеге асырып, белгіленген тәртіп бойынша, өз мүшелері арасында жерді бөліп, жерді тиімдірек пайдаланудың негізгі сұрақтарын шеше алды. Құл иеленушілік дамыған сайын Ежелгі Шығыс елдерінде ұжымдық жер иелену құқығы, жермен ұжымдық пайдалану құқығымен ығыстырылды [3,126].

Құл иеленушілік құрылыстың дамуының екінші сатысы – грек-римдік құл иелену кезеңі. Аталған саты құл иеленушілік өндіріс тәсілдерінің жоғарғы даму дәрежесімен, алғашқы қауымдық құрылыстың қалдықтарының болмауымен, мемлекеттің жоғарғы даму сатысымен, құлдар мен мүліксіз азаматтарды пайдаланудың дамыған түрлерімен, аяусыз қанау және таптық бас көтерулерді басу «үлгілерімен» ерекшеленеді. Құлдар құқықтың субъектісі емес, керісінше объектісіне айналады.

Құл иеленуші мемлекеттің экономикалық негізін құл иеленушілердің өндіріс құралдары мен құлдарға жеке меншігі құрады. Құл иеленуші құрылыс жағдайында ең алғашқы адамзат дамуының тарихында шын түрде таптардың экономикалық, саяси және әлеуметтік теңсіздігі көрінді, бір таптың - құл иеленушілердің үстемдігі және екінші таптың – құлдардың толық құқықсыздығы ештеңемен шектелмеді [4,12]. Құл иеленуші мемлекеттің дамуының барлық сатыларында құлдар ылғи заттар ретінде қала берді, «сөйлеуші құралдар» материалдарды немесе басқа да құндылықтарды өндірушілер ретінде қарастырылатын. Құл иеленушілік қауымның дамуының алғашқы сатыларында мемлекеттік аппарат қарапайымдылығымен, дамымағандығымен және әлсіздігімен ерекшеленеді. Дамудың кейінгі кезеңдерінде мемлекеттік аппарат үздіксіз ұлғайып, нығаяды. Экономика және шаруашылықта жаңа салалардың пайда болуы, құл иеленушілік қоғамның әлеуметтік құрылымының күрделенуімен, антагонистік қайшылықтардың шиеленісуімен, қаналушы топтың қарсы тұруы күшеюімен байланысты болады. Дегенмен де, құлдардың жағдайы әр мемлекетте әр

түрлі дәрежеде анықталады. Құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде мемлекеттік органдардың қабылдаған нормативті актілері әрекет етті. Батыстық құл иеленуші мемлекеттер шығыстық мемлекеттерге қарағанда икемді, дамудың алғы шарттары бар мемлекеттер болды. Сондықтан да, олардың негізінде феодалдық қоғам мен мемлекет қалыптасты.

Мемлекеттің феодалдық типі құл иеленушілік типті алмастырып келді. Феодалдық мемлекеттің пайда болуы екі негізгі жолмен жүреді:

1. Құл иеленуші экономикалық және әлеуметтік құрылыс біртіндеп ыдырап, оның қалдықтарында феодалдық құрылыс бастау алды. Бұл процесс барлық құл иеленуші мемлекеттерде және қоғамдық – саяси жүйелерде өтті.

2. Алғашқы қауымдық құрылыс біртіндеп дамып, кейін ыдырап, оның негізінде феодалдық құрылыстың пайда болу жолы. Бұл жол бойынша шығыс және батыс славяндық мемлекеттер, көшпенділер мемлекеті пайда болды. Ол ру басшыларының, әскери көсемдерінің ірі жер мен мал иелеріне айналуына байланысты болды. Қауымдық жерлер мен малдарын басып алу, өз туысқандарын қанау нәтижесінде ру ақсүйектері біртіндеп жер аристократтарына айналса, қаналушы руластары – оларға толық бағынышты шаруаларға айналды. Шаруалар толық өндіріс құралдарынан айырылған құлдарға қарағанда, жерге деген жеке меншігінен айырылса да, азын-аулақ өз шаруашылығы болатын, кейбір ауылшаруашылық еңбек құралдарына жеке меншік құқығы болды [5,28].

Жерге деген феодалдық меншік помещиктер мен басыбайлы шаруалардың қарым-қатынастарының материалдық негізін, соңғылардың біріншілерден экономикалық бағыныштылығының негізін құрады. Помещиктер шаруаларды қанауды феодалдық рента төлету жолымен жүзеге асырды. Рентаның үш негізгі түрі болды:

- жұмыспен өтеу рентасы (барщина) – басыбайлы шаруа феодалға аптасына белгілі бір күндер жұмыс істеуге міндетті еді;

- натуралды рента (оброк) – бұнда шаруа феодалға өзі өндірген ауылшаруашылық өнімінің, ал қолөнерші - өз кәсібі нәтижесінің белгілі-бір мөлшерін бөліп берді;

- ақшалай рента (ақшалай оброк) – шаруа немесе қолөнерші феодалға белгілі бір ақша сомасын төледі.

Феодализмнің туындап қалыптасу сатысында мемлекет феодалдық меншік, жаңа аумақтарды басып алу, басыбай шаруалардың қарсылығын басу құралы қызметін атқарды. Кейінірек мемлекет өзінің негізгі күштерін қалыптастырған өндіріс тәсілдерін, феодалдық жеке меншікті қорғап, оны басқа халықтарды тонау жолымен ұлғайтып, қолөнершілер мен шаруаларды пайдалану үшін қолайлы жағдайлар жасады. Феодализмнің ыдырау сатысында капитализмнің белгілері пайда болып, феодалдық мемлекет өз қарамағындағы барлық құралдарды қалыптасқан жүйені, феодализмнің өндіріс тәсілдерін сақтау, экономикалық және әлеуметтік-саяси құрылыстың объективті ыдырауын тоқтата тұру үшін қолданады.

Тарихи аренада буржуазиялық мемлекет феодалдық экономикалық және әлеуметтік саяси құрылыстың күйреуіне әкеліп соққан буржуазиялық төңкерілістердің нәтижесінде пайда болды. Буржуазиялық мемлекеттің экономикалық негізі шаруашылық жүргізу жүйесінде ең маңызды еңбек құралдары мен өндіріс құралдарына жеке меншік болды. Жеке меншік қасиетті және қол сұғылмайтын құқық деп жарияланды. Оны қорғау үшін барлық конституциялық және ағымдағы заңдар қолданылды. Батыстың саяси және әлеуметтік әдебиеттерінде, меншік құқығынан басқа капитализмнің экономикалық негіздерін құрайтын маңызды «материалдық» белгілері мыналар деп көрсетілді: меншік иелері пайда түсіруі үшін бәсекеге түсті, қаржылық операциялар аяларында жаңа мамандар дайындалды, ұлттық және трансұлттық корпорациялар өсті, белгілі бір кезеңде экономикалық дағдарыстар болып, үкімет жеке секторларға бақылауды жүзеге асырды, күшті жұмысшы ұйымдары пайда болды және дамыды.

Буржуазиялық қоғамның әлеуметтік құрылымы екі топтан тұрады: буржуазия мен пролетариат, яғни бір жағынан жалдамалы еңбекті пайдаланушы объект-буржуазия тұрса, екінші жағынан жеке меншік кәсіпорындарға еңбек етушілер - пролетариат.

Буржуазиялық мемлекеттердің де даму барысында бірнеше кезеңнен өткендігі анықталған. Бірінші кезең - еркін бәсекелестік кезеңінде буржуазия салыстырмалы тең көлемдегі меншігі бар мыңдаған меншік иелерінен құрылады. Ондағы мемлекет буржуазиялық демократия, парламентаризм, заңдылыққа негізделеді, оның таптық сипаты басым болады. Жалпы теңдік жарияланса да, саяси теңсіздік үстемдік етеді. Екінші монополиялық капитализм кезеңі өндірістік, сауда және қаржы капиталын біріктіре отырып, акционерлендіруді қолдана отырып өндіріс пен бөлудің түрлерін дербес қолға шоғырландырумен сипатталады. Олардың қолында қоғамдық байлықтың негізгі бөлігі жинақталады да, саяси билікке қол жеткізеді. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарында буржуазиялық қоғам дамуының жаңа сатысына енді. Ол жұмысшылардың төңкерілістік қозғалысының өсуімен және ғылым мен техниканың дамуы арқасында мүмкін болды. Аталған жағдайлар еңбек ақысының, әрі өмір сүру деңгейінің артуына ықпал етті. Ол өз алдына еңбек өнімділігін арттырды, еңбекті қажетті деңгейде бағалаудың тиімділігі танылды. Қазіргі кезеңде батыстық қоғамда акционерлендіру «таза» жеке меншіктің үлесін кемітіп, есесіне толыққанды орта таптың өсуіне жағдай жасап отыр.

Социалистік мемлекет. Бұнда қоғамның экономикалық негізін өндіріс құралдарына деген қоғамдық меншік құрайды. Жұмысшылар мен шаруаларды капиталистердің бұғауынан босату, өндіріс құралдарын национализациялау еңбек өнімділігін, халықтың тұрмыс-тіршілігінің деңгейін, мәдениеттілікті арттырады деп саналған. Теориялық негізделуі бойынша социалистік мемлекет типі қанаушы мемлекеттерге қарсы қойылатын, мемлекеттің жоғарғы және тарихи соңғы типі болып табылатын, оны капиталистік мемлекеттен ажырататын белгілер, қағидалар және нормалар жиынтығынан құралатын идеалды мемлекет. Социалистік мемлекет типінің ерекшелігі М.Н.Марченконың сөзімен айтсақ, теориялық терең және жан-жақты негізделе отырып, практикада жүзеге асырылмай қалған мемлекет тегі десек жаңылмаймыз [6,130]. Бізде және әлемнің өзге мемлекеттерінде социалистік қоғам құру әрекеті сәтсіз аяқталғанына бәріміз куәміз. Тиісінше барлық азаматтардың жарияланған формалды ғана емес, шынайы тең құқылығы қағидасы, олардың қанау мен басып-жаншудан азаттығы, құқықтарының кепілдендірілуі мен жан-жақты қамтамасыз етілуі, демократизм, конституционализм және заңдылық қағидалары жүзеге асырылмай қалды.

Социалистік мемлекет туралы марксистік ілім басқа ілімдер мен доктриналарға қарағанда ешқандай бұрын болған немесе қазіргі мемлекеттерде толық жүзеге асырылған жоқ. Өздерін социалистік деп атаған СССР-де және басқа да көптеген елдерде социалистік мемлекетті орнату әрекеттері жасалды. Бірақ көптеген объективті және субъективті себептер әсерінен олар сәтсіз болып шықты. Социалистік мемлекет орнына олардың суррагаттары жасалды-псевдомарксистік мемлекет институттары құрылды.

Қазіргі кезде қоғамдық, тарихи ғылым барлық жеке формациялар мен топтарға қатысты пікірталастарында жалпы осы бес жүйелік кестені ең дәлелденген және жалпы танылған деп ұсынады. Бірақ, қоғамдық-экономикалық формацияның одан басқа алтылық, төрттік, үштік, екілік жүйелері де бар. Соңғы кезеңдерде дүниежүзілік тарихи процесті түсіндіруде жиі алтыншы формация қосылуда. Бұндай түсіндіру алғашқы рет К.Маркстің «К критике политической экономики» жұмысының алғы сөзінде ұсынылды, көптеген жұмыстарында, әсіресе 1857-1859 жж. экономикалық қол жазбаларында К.Маркс бірнеше мәрте азиаттық типке назар аударды. Бірақ шығыстық қоғамдардың ежелгі таптық ерекшеліктері ешкімде күмән тудырмаса, бұл ерекшеліктерді жеке формация ретінде түсіндіру ғылымда үлкен дау тудырды. Алты формациялы кесте азиаттық өндіріс тәсілін көрсетумен байланысты. Бұл формация Шығыс елдерінің ежелгі қауымдық қоғамының маңызды ерекшеліктерін қамтып көрсетеді. Мемлекет - жоғарғы жер иесі. Егемендік - ұлттық көлемде шоғырландырылған жер меншігі. Бұл жағдайда ешқандай жеке меншік иесі болмайды, бірақ жеке және қауымдық жерді иеленуге және пайдалануға болады. Шығыстық мемлекеттердің ортақ ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- негізгі өндіріс құралдарына (жерге) деген мемлекеттік және қоғамдық меншік негізделген, соған байланысты қоғам жеке меншікке емес, мемлекеттік жүйе иерархиясындағы орнына байланысты жіктеледі;

- бұндай мемлекеттер аса қуатты шенеуліктік-бюрократиялық аппараттың болуымен сипатталады, ол қоғамның әр түрлі топтарының өкілдерімен толықтырылып отырған;

- қатаң түрде орталықтандырылған мемлекеттік аппарат болады, оның басында мемлекетті бейнелейтін және құдайдың жердегі өкілі ретінде танылатын шексіз монарх отырады.

Қазіргі кезеңде мемлекет типологиясына қатысты мәселе қарастырылғанда, көпшілік формациялық көзқарасқа жүгінетіндігіне қарамастан, оның кем соғатын тұстары бар екенін ескеру қажет. Оған алдымен, шығыстық мемлекеттерді ажырату мәселесі жатады. Себебі шығыстық мемлекеттер батыстық ағайындарына қарағанда түбегейлі түрде өзгеше болып келеді: батыста саяси билік экономикалық үстем таптың қолында болса, шығыста алдымен саяси билік қалыптасады да, экономикалық үстемдік соған негізделеді. Әрі шығыстық мемлекеттердің өздері де әртүрлі.

Дүниежүзілік тарихи процестің төрт формациялы кестесінде - құл иеленушілік және феодалдық қоғамдар бір қоғамдық-экономикалық формацияға біріктірілген. Бұндай біріктіруге бірдей өндіргіш күштердің даму дәрежесі, өндірістің ұқсас технологиялары, билік етуші топтың жерге, еңбеккерлерге монополистік меншігі, ренталық қосымша еңбекке тарту ортақтығы негіз болады.

Дүниежүзілік процестің үш формациялы кестесі екі нұсқада көрсетілген. Бірінші нұсқа еңбеккерлерді өндіріс құралдарымен байланыстыру типіне сәйкес анықталады. Бұл жобада коммунистік формацияға дейін К.Маркс алғашқы және екінші формацияларды белгіледі. «Жерге қожалық етуші қауым алғашқы қоғамдық формацияның соңғы фазасы болып табылады. Сонымен қатар екінші формацияға өтудің өткізінші фазасы, яғни жалпы меншікке негізделген қоғамның жеке меншікке негізделген қоғамға өтуі» - деп К.Маркс белгіледі [7,319]. Екінші нұсқа еңбектегі жеке тұлғалардың өзара бағыныштылығы мен тәуелсіздік нысандарын сипаттаумен байланысты. Жеке бағыныштылық қатынастары адамдардың еңбек өнімділігі төмен аумақтарда және оқшауланған жерлерде дамыды. Заттық бағыныштылыққа негізделген жеке тәуелсіздік жалпы қоғамдық заттармен ауысу жүйесіндегі әмбебап қатынастар, онда жан-жақты қажеттіліктер мен әмбебап потенциалдар алғашқы рет қалыптасады. Жеке тұлғалардың әмбебап дамуына және ұжымдық қоғамдық өнімдерді олардың қоғамдық игіліктеріне айналдыруға негізделген еркін жекелігі пайда болады.

Дүниежүзілік тарихи процестің екі формациялық кестесі - бұнда дүниежүзілік тарихтың екі кезеңі белгіленеді: адамзат пайда болғанға дейін және адамзат тарихының өзіндегі кезең. Дүниежүзілік тарихи процестің бір формациялық кестесі - бұл нұсқа алдыңғысының модификациясы болып табылады. Бірақ ол қоғамдық-экономикалық формацияның біршама басқаша конструкциясымен байланысты. Оның мәні мынада: барлық басқа формациялар қоғам пайда болғанда пайда болды және олар қоғам дамығанда дамиды.

Мемлекет типологиясына формациялық көзқарастың ұтымды жақтары:

саяси биліктің белгілі бір тапқа тиесілігі, әртүрлі таптардың мемлекетті басқарудағы ролі анықталған;

мемлекеттік биліктің қоғамның мемлекеттік-құқықтық өмірінде маңызды орынды иемденетін әлеуметтік-экономикалық факторларға бағыныштылығы айқындалған;

мемлекет дамуының эволюциялық-тарихи үрдісі, мемлекет типтерінің тарихи сабақтастығы көрсетілген.

Формациялық көзқарастың кемшін жақтары:

мемлекет дамуына әлеуметтік-экономикалық факторлармен қатар ықпал еткен өзге факторлар: рухани, мәдени, психологиялық, ұлттық, географиялық және басқалар есепке алынбайды;

мемлекеттің бір типінен екіншісіне ауысуы әртүрлі аймақтарда мемлекет қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері ескерілместен заңдылық ретінде алдын ала анықталынып қойылған;

азиаттық өндіріс тәсіліне негізделген мемлекеттің шығыстық типі ескерілмейді; Шығыста пайда болған алғашқы мемлекеттердің сипаты құл иеленушілікке толық сәйкес келмесе де, құл иеленушілікті мемлекеттің алғашқы типі ретінде қарастырады;

мемлекеттің жалпы әлеуметтік мәні жоққа шығарылады, оның таптық мәніне басым назар аударылады;

мемлекеттің социалистік типі қанаудан арылған бірден-бір мемлекет типі ретінде қарастырылады, өзгелері қанаушы мемлекет типі ретінде анықталады;

социалистік төңкеріліс нәтижесінде буржуазиялық мемлекет жойылады, кейін коммунистік қоғам құру барысында мемлекет те қажетсіздігіне байланысты тарихи аренадан кетеді деп санаған.

Қорыта келгенде, мемлекет типіне формациялық көзқараста негізгі өлшем ретінде әлеуметтік-экономикалық белгілер (қоғамдық-экономикалық формация) қолданылады. Аталған көзқарастың өкілдерінің ойынша, қоғамдық дамудың шешуші факторы базис болып табылады, ол қондырмалық құбылыстардың: мемлекет пен құқықтың да типін анықтайды. Мемлекеттің тарихи типі - белгілі бір экономикалық формацияға сәйкес пайда болған, олардың таптық мәнін көрсететін мемлекеттің негізгі қасиеттерінің жиынтығы. Формациялық көзқарас тұрғысынан мемлекеттерді типтерге жіктеудің бірқатар кемшіліктеріне қарамастан, ол өзге көзқарастармен қатар өмір сүруге құқылы.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Рожкова Л.П. Принципы и методы типологии государства и права / Л.П. Рожкова. - Саратов: Изд-во Сарат. гос. ун-та, 1984. – 144 б.

2 Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалар жинағы. Т.21. – Алматы, 1985. – 780 б.

3 Васильев Л.С. Проблемы генезиса китайского государства (формирование основ социальной структуры и политической администрации). – Москва: Наука, 1983. – 327 с.

4 Бутенко А.П. Государство: его вчерашние с сегодняшние трактовки // Государство и право. – 1993. – № 7. – С.11-20.

5 Бачило И.Л. Факторы, влияющие на государственность // Государство и право. – 1993. - № 7. – С.28-34.

6 Марченко М.Н. Проблемы теории государства и права: учебник / М.Н. Марченко. - М.: Велби: Проспект, 2008. – 768 с.

7 Осипов Н.Е. О формационно-цивилизационной корреляции во всемирной истории // Философия и общество. – 2007. – № 2. – С. 142-157.

## АНАЛИЗ СУЩЕСТВУЮЩИХ ПРОБЛЕМ И ПРОТИВОРЕЧИИ В СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВА ИЗРАИЛЬ

*Рейзин М., магистрант юридического факультета КарУ им. Е.А.Букетова*

В современных условиях все большую роль играет сравнительное правоведение, поскольку исследование зарубежного опыта позволяет по-новому рассмотреть закономерности развития правовых норм, их роль и значение для урегулирования общественных отношений. Проблемы развития судебной системы являются достаточно актуальной и важной темой как для государств, так и для общества в целом. Независимая судебная система является одной из главных основ демократии и правового государства, поэтому ее развитие и укрепление должны быть приоритетными задачами. Интерес вызывают различные проблемы в судебной системе государства Израиль. Эта судебная система включает в себя различные нормы и принципы, зачастую несовместимые друг с